

"Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесінің бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1199 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 826 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 833 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 90 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 қарашада № 17831 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесінің бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 826 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12735 болып тіркелген,) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бекітілсін:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау аясында тексеру парақтары :

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Мемлекеттік Елтаңбасын дайындаушыларға қатысты;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес техникалық регламентте қолданылатын сәйкестікті растау жөніндегі органдарға, зертханаларға (орталықтарға) және өтініш беруші қатысты;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес өндірушілер және тауардың шығу тегі туралы сараптама актісіне, тауардың шығу тегі туралы сертификатты және ішкі

айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілетті органға (ұйымға) қатысты;

3) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшасына сәйкес метрология саласындағы мемлекеттік бақылау аясында тексеру парақтары;

4) сәйкестікті растау саласындағы аккредиттеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау аясында тексеру парақтары бекітілсін:

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес аккредиттеу жөніндегі органға қатысты;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес калибрлеу зертханаларына (орталықтарына) қатысты;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес өлшемдерді орындау әдістемесінің метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты;

осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес салыстырып тексеру зертханаларына (орталықтарына) қатысты;

осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі органдарға және сынақ зертханаларына (орталықтарына) қатысты".

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі Ж. Қасымбек	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Т. Сүлейменов
---	--

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті
2018 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 833 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 90 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің м. а.
2015 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 1199 және
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 826 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Техникалық реттеу, метрология саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық реттеу, метрология саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2018 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 141-бабының 3-тармағына

және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі №3 бұйрығына сәйкес әзірленді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген).

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сәйкестікті бағалау саласындағы техникалық реттеу, метрология және аккредиттеу саласындағы тәуекел – бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне оның салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы;

2) метрология саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) – Қазақстан Республикасының аумағында өлшем бірлігін қамтамасыз етуге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

3) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуын бақылау субъектілері (объектілері) – аккредиттеу жөніндегі қызметті, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды, өлшем құралдарын салыстырып тексеруді, сынауды, өнімнің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын субъектілер (объектілер);

4) Техникалық реттеу саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) – өндірушілер және тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін, тауардың шығу тегі туралы сертификатты және ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілетті орган (ұйым), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Мемлекеттік Елтаңбасын дайындаушылар, техникалық регламенттің қолданысына таралатын зертханалар және өтініш берушілер, сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін сәйкестікті бағалау саласындағы техникалық реттеу, метрология және аккредиттеу

саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттары арқылы қалыптастырылады.

2 тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Техникалық реттеу саласында объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары тәуекел дәрежесіне тексерілетін субъектілерге (объектілерге) мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін дайындау бойынша;

2) техникалық регламенттің күші қолданылатын сәйкестікті растау жөніндегі органдар, зертханалар және өтініш берушілер.

5. Техникалық реттеу саласындағы объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған субъектілерге бақылау субъектілері (объектілері) жатады:

1) Қазақстан Республикасынан экспортталатын, Қазақстан Республикасынан және өндірушілерден кері экспортталатын тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілетті (уәкілетті) орган (ұйым).

6. Метрология саласындағы объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне, нәтижелері:

1) азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар;

2) қоршаған ортаны қорғау, геология және гидрометеорология саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын, өлшемдермен байланысты қызмет түрлерін жүзеге асыратын субъекті (объекті) жатады;

3) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

4) мемлекеттік есепке алу операциялары, сатып алушы (тұтынушы) және сатушы (өнім беруші, өндіруші, орындаушы) арасындағы, оның ішінде тұрмыстық және коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтері салаларындағы сауда-коммерциялық операциялар;

5) еңбек және көлік қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар;

6) қару-жарақ, әскери техника жасау;

7) сынақтар, метрологиялық аттестаттау, салыстырып тексеруші, өлшем құралдарын калибрлеу;

8) энергетикалық ресурстардың барлық түрлерін шығару, өндіру, кейін өңдеу, тасымалдау, сақтау және тұтыну;

9) мемлекеттік органдардың, сот және құқық қорғау органдарының тапсырмалары бойынша орындалатын жұмыстар.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежеге жатпайтындарға, нәтижелері:

1) ғылыми зерттеулер жүргізу;

2) ұлттық және халықаралық спорт рекордтарын тіркеу кезінде пайдаланылатын, өлшемдермен байланысты қызмет түрлері жатады.

8. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына объективті өлшемдер бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне бақылау субъектілері (объектілері) жатады:

1) аккредиттеу жөніндегі орган;

2) калибрлеу зертханасы (орталық);

3) аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшылар, техникалық сарапшылар;

4) салыстырып тексеру зертханасы (орталық);

5) сәйкестікті растау жөніндегі органдар;

6) сынақ зертханасы (орталық).

9. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежеге жатпайтын субъектілерге Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар жатады.

10. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

3 тарау. Субъективті өлшемшарттар

11. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорды базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

12. Қолданыстағы ақпарат көздерінің негізінде, мынадай субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады:

олар бойынша осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері берілетін, бақылау субъектілері ұсынған, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы есептілік пен мәліметтерге мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша;

олар бойынша осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері берілетін, бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша;

олар бойынша осы өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері берілетін, расталған шағымдар мен өтініштер бойынша

олар бойынша осы өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері берілетін, тәуелсіз ұйымдар аудитінің (сараптамасының) нәтижелері бойынша;

олар бойынша осы өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері берілетін, уәкілетті органдар мен ұйымдар берген мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша.

13. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары 3 ауырлық дәрежесі талабына бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

14. Егер өрескел бұзушылықтың беруі анықталса, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесі көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежеде бұзушылықтардың жиынтық көрсеткіштері есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылық көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұнда:

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұнда:

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтар саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0 ден 100–ге дейінгі шкаламен есептеледі және көрсеткіштерді мына формула бойынша қосу жолымен айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

15. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мыналарға жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-ты қоса алғанға дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

16. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жиілігі жүргізілетін талдау және тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған субъектілерге қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерді бағалау нәтижелері бойынша айқындалады жылына бір ретті құрайды.

17. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

18. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімі субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің ең жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Техникалық реттеу, метрология
саласындағы және
Қазақстан Республикасының
сәйкестікті бағалау саласындағы
аккредиттеу туралы
заңнамасының сақталуы
бойынша тәуекел дәрежесінің
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Субъективті өлшемшарттар мониторинг субъектілерімен, мекемелермен және салалық ұйымдармен жүргізілетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы мониторинг туралы есептер мен ақпараттың нәтижелері туралы

--	--	--

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1. Техникалық реттеу саласында		
1	2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталын мониторингілеу нәтижелері бойынша (сот лицензиядан айырмаған жағдайда) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасын дайындауға лицензиатты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасын дайындаушының себебі бойынша жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізу	өрескел
2	Мемлекеттік сатып алу порталын мониторингілеу нәтижелері бойынша лицензиясыз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау	өрескел
3	Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды (ҚР СТ 989 және ҚР СТ 988) ұсыну туралы салалық ұйыммен шарттың болмауы	өрескел
4	Мемлекеттік сатып алу порталының және (немесе) ұйымның есебінің нәтижесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында өндірілген өлшеу құралдарын және сынақ жабдығын тексеру және метрологиялық аттестаттау туралы куәліктің жоқтығы	өрескел
5	Салалық ұйымның есебін мониторингілеу нәтижелері бойынша осы өнімдердің сәйкестігін растау үшін көзделген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды көрсетудің толықтығы мен дұрыстығы бойынша талаптарды сақтамауы	өрескел
6	Үлгілерді және олардың сынауларын сәйкестендіру, іріктеу және салалық ұйымның есебіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша сертификаттау схемасын таңдау талаптарын сақтамау	өрескел
7	салалық ұйымның есебіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша сертификатталған өнімге (егер бұл сертификаттау схемасымен көзделген болса) инспекциялық бақылауды жүргізбеу	өрескел
8	салалық ұйымның есебіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша өндірісті бағалау бойынша (егер бұл сертификаттау схемасымен көзделген болса) талаптарды сақтамау	өрескел
9	салалық ұйымның есебіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті органға сертификаттаудың теріс нәтижелері туралы ақпаратты ұсынудың талаптарын сақтамау	өрескел
10	салалық ұйымның есебіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша техникалық реттеу мемлекеттік жүйесінің тізілімінде сәйкестік сертификатын тіркеу бойынша талаптарды сақтамау	өрескел
11	салалық ұйымның есебіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша сәйкестік туралы декларацияларды тіркеу бойынша талаптарды сақтамау	елеулі
2. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша		
12	Өлшем құралдары мен сынақ жабдықтарын пайдаланатын метрологиялық аттестаттауды салыстырып тексеру туралы, түрін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау сынақтан мақсатында өтпеген және мемлекеттік сатып алу порталына және (немесе) салалық ұйымының есебіне мониторинг жүргізу нәтижесінде өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілмеген өлшем құралдарын және стандарттық үлгілерді айналымға шығаруға, қолдануға, іске асыруға тыйым салуды бұзу туралы сертификаттың болмауы	өрескел
13	Мемлекеттік сатып алу порталына және (немесе) салалық ұйымының есебіне мониторинг жүргізу нәтижесінде өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне тіркелусіз өлшемдерді орындау әдістемелерін қолдану	өрескел

14	Мемлекеттік сатып алу порталына және (немесе) салалық ұйымының есебіне мониторинг жүргізу нәтижесінде аккредиттеусіз өлшем құралдарын салыстырып тексеру, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау туралы мәліметтің болуы	өрескел
15	Мемлекеттік сатып алу порталына және (немесе) салалық ұйымының есебіне мониторинг жүргізу нәтижесінде аккредиттеу шеңберіндегі жұмысты жүзеге асыру бойынша міндетті сақтамау	өрескел
16	Мемлекеттік сатып алу порталына және (немесе) салалық ұйымының есебіне мониторинг жүргізу нәтижесінде өнім сәйкестігін растау, сәйкестікті растау саласында аккредиттеуді аттестаттаусыз сынақтар жүргізу	өрескел
17	Аккредиттеу кезеңдерін және оларды орындау мерзімдерін, сондай-ақ инспекциялық тексеру жүргізу, соның ішінде аккредиттеу бойынша жұмыс жүргізу кезінде кезектен тыс мерзімдерді (өтінімдер мен ұсынылған құжаттарды, аккредиттеу алдындағы шарттың қорытындысын, ұсынылған құжаттардың сараптамасын, өтініш берушінің тұрған жеріндегі тексеруін, аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауын, аккредиттеуден кейінгі шарттың қорытындысын, аккредиттеу салсында бекітуді, аккредиттеу туралы аттестатты беруді немесе аккредиттеу алдындағы шартты бұзуды қабылдау, қарау) сақтамауы	өрескел
18	Интернет-ресурсты және аккредиттеу субъектілерінің тізілімін жүргізу, аккредиттеу субъектілерінің шағымдарын қарау және интернет-ресурста қабылданған шешімдер туралы ақпаратты орналастыру талаптарын сақтамауы	елеулі
19	Аккредиттеу аттестатын қайтарып алған немесе аккредиттеуден кейінгі шартт тоқтатылған жағдайда уәкілетті органды хабардар ету туралы талаптарды және мерзімдерді сақтамауы	өрескел
20	Аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын өзектендіру туралы өтініштерді қарастыру кезінде талаптарды сақтамауы	өрескел
21	Аккредиттеу аттестатын қайтарып алу, аккредиттеу аттестатын қайтарып беру және аккредиттеу аттестатын жою туралы өтініш бере отырып, сотқа жүгіну рәсімдерін сақтамауы	өрескел

Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесінің бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау және алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша субъективті өлшемшарттар

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1. техникалық реттеу саласында(бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі, аталған талаптарды сақтамаған кезде белгіленеді)		
1.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасын дайындауға лицензияның болуы	өрескел
2.	Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың (ҚР СТ 987 және ҚР СТ 988) болуы	өрескел

3.	Өндірістік техникалық базаның (технологиялық жабдықтың, өлшем және бақылау құралдарының, оның ішінде қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес дайындалған мемлекеттік рәміздерді дайындаудың технологиялық процесін және сапасын сақтауды қамтамасыз ететін түстер атласының) болуы	өрескел
4.	Пайдаланылатын өлшем құралдары мен сынау жабдықтарын салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың болуы	өрескел
5.	штатта сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлары бар өнімдердің (қызметтердің) өндірушілерінен (орындаушыларынан), өнімдердің (қызметтердің) жеткізушілерінен және тұтынушыларынан тәуелсіздігі бойынша талаптарды сақтау;	өрескел
6.	сәйкестікті міндетті растау мақсатында аккредиттелген зертханалардың сынау нәтижелерін пайдалану;	өрескел
7.	өтінім бойынша шешім қабылдау, оның ішінде сертификаттау схемасын таңдау жөніндегі талаптарды сақтау;	елеулі
8.	Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуде шарт жасасу жөніндегі талаптарды сақтау;	болмашы
9.	үлгілерді және олардың сынақтарын сәйкестендіру, іріктеу жөніндегі талаптарды сақтау;	өрескел
10.	өндірісті бағалау (егер бұл сертификаттау схемасымен көзделген болса) жөніндегі талаптарды сақтау;	елеулі
11.	алынған нәтижелерді талдау және сәйкестік сертификатын беру (беруден бас тарту туралы) туралы шешім қабылдау жөніндегі талаптарды сақтау;	өрескел
12.	сертификаттаудың теріс нәтижелері туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау;	елеулі
13.	техникалық реттеудің мемлекеттік жүйе тізіліміне сәйкестік сертификатын тіркеу жөніндегі талаптарды сақтау;	елеулі
14.	сәйкестік сертификатын беру жөніндегі талаптарды сақтау;	елеулі
15.	сертификатталған өнімге (егер бұл сертификаттау схемасымен көзделген болса) инспекциялық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау. Инспекциялық бақылау өнімдердің үлгілерін сынақтан өткізуді және сатып алынатын өнімнің немесе берілген нәтижеге қол жеткізу бойынша өзара байланыстың және жүйелі іс-қимылдың (жұмыстың) жиынтығын, соның ішінде өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса алғанда, техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін жалғастыруды растау үшін тексеруді қамтиды.	өрескел
16.	сәйкестік туралы декларацияларды тіркеу жөніндегі талаптарды сақтау.	елеулі
17.	берілген сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы тіркелген декларациялар тізілімін жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау.	елеулі
18.	сәйкестік туралы тіркелген декларациялар, берілген сәйкестік сертификаттары, сертификаттаудағы бас тарту туралы деректерді электронды есепке алуды жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау;	елеулі
19.	аккредиттеу саласы шегіндегі жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау;	өрескел
20.	сынау нәтижелерінің анықтығы жөніндегі талаптарды сақтау;	өрескел
21.	осы өнімдердің сәйкестігін растау үшін көзделген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды көрсетудің толықтығы мен дұрыстығы бойынша талаптарды сақтау;	өрескел
22.	сәйкестікті растаудан өтпеген міндетті сәйкестікті растауға жататын өнімдерді әкелуге және сатуға тыйым салуды сақтау.	өрескел
23.	Тауардың шығу тегі туралы сертификатты рәсімдеу туралы қорытындының болуы	елеулі
24.	Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тіркелген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады	өрескел

25.	Қазақстан Республикасынан экспортталатын, Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауардың шығу тегі туралы сертификатты алуға жеке немесе заңды тұлғаның өтінімінің болуы;	елеулі
26.	жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінің болуы;	болмашы
27.	заңды тұлғалар үшін – жарғының және заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (куәліктің) көшірмесінің болуы;	болмашы
28.	дара кәсіпкерлер үшін – дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесінің болуы;	болмашы
29.	сыртқы сауда келісімшартының (шартының) және шот-фактура немесе шот-проформа немесе тауардың қаржылық және/немесе сандық параметрлерін көрсететін өзге құжаттың (ұзақ мерзімді сыртқы сауда шарттарын/мәмілелерді жүзеге асыру кезінде, жүк бір жүк жіберушіден бір жүк алушыға баратын кезде шот – фактураны немесе шот – проформаны ұсыну талап етілмейді) түпнұсқалары мен көшірмелерінің болуы;	өрескел
30.	тауар өндірушісімен немесе тауарды сатып алуға шарттың және/немесе тауарды қабылдау – беру актісінің болуы;	өрескел
31.	жүк құжаттарының болуы;	өрескел
32.	дәндік қолжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерінің болуы;	елеулі
33.	Өтініш берушіден өнімді жинау орны туралы анықтаманың болуы	елеулі
34.	есептен шығару актісінің болуы;	елеулі
35.	қайта өңдеу актісінің болуы;	елеулі
36.	тауарды тасымалдау туралы құжаттардың болуы;	елеулі
37.	дайын бұйымға техникалық паспорттың немесе әзірлеуші-зауыттың сапа паспортының болуы;	өрескел
38.	кен орындарынан өндіру және игеру құқығына құжаттардың (өндіруші және дайындаушы кәсіпорындар үшін) болуы;	өрескел
39.	оған сәйкес тауар өндірудің технологиялық процесі орындалатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың болуы;	өрескел
40.	тауар өндірісінде пайдаланытатын, шикізат пен материалдарға шарттың және/немесе шот–фактураның болуы;	өрескел
41.	көліктің жүк құжаттарының болуы;	елеулі
42.	технологиялық процестің қысқаша сипаттамасының болуы;	елеулі
43.	оған сәйкес тауар өндірілген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың болуы,	өрескел
44.	шетелде шығарылған шикізат пен компоненттердің құнын анықтай отырып, франко-зауыт бағасы бойынша тауар құны шығынына калькуляциясының болуы;	өрескел
45.	қызмет түріне (егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса) лицензияның және (немесе) рұқсаттың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы;	өрескел
46.	егер тауар жануарлардан, өзен және теңіз кәсіпшілігінен алынған тауар болса, сондай-ақ, егер тауарлар жануарлар азығына арналған болса, ветеринариялық сертификаттың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы;	өрескел
47.	тауардың саны мен тұрған орнын көрсете отырып, Өтініш берушіде тауардың болуын растайтын қоймалық анықтаманың және (немесе) ресурстық анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы;	елеулі
48.	Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық бірлігінің жергілікті атқарушы органының жеміс-көкөніс өнімдері үшін өндірушіні көрсете отырып, өнімнің көрсетілген аумақта өсірілгені туралы анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы;	елеулі
	заңды тұлғалар үшін жеміс-көкөніс өнімдері үшін өнімді өндірушімен жасалған шарт, тауарды өндірушімен жасалған шарттың түпнұсқасын немесе нотариалды	

49.	куәландырылған көшірмесін міндетті түрде ұсына отырып, тауарды сатып алуға немесе сатып алу актісіне арналған шарттың болуы;	елеулі
50.	Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауарлар үшін тауарды сатып алуға (шарт, шот-фактура) құжаттарының болуы;	елеулі
51.	Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауарлар үшін тауарды Қазақстан Республикасының аумағына жеткізу фактісін растайтын құжаттардың болуы;	елеулі
52.	Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауарлар үшін тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың (тауардың шығу тегі туралы сертификат немесе тауардың шығу тегі туралы декларация) болуы;	өрескел
53.	Тауарды қайта өңдеу нәтижесінде СЭҚ ТН бойынша тауар кодының кез келген алғашқы төрт белгі деңгейінде өзгеруі жөніндегі талаптарды сақтау;	өрескел
54.	Бұл операциялар орын алған ел тауар шығарылған ел болып есептелуі үшін жеткілікті өндірістік немесе технологиялық операцияларды орындау бойынша талаптарды сақтау	өрескел
55.	құнының пайыздық үлесі түпкі өнімнің бағасындағы тіркелген үлесіне жеткен кездегі тауар құнының өзгеруі (адвалорлық үлес қағидасы) бойынша талаптарды сақтау	өрескел
56.	өтінім берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттардың болуы (заңды тұлғаларға - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама жарғы, заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы ереже, жеке кәсіпкерлерге - патент немесе куәлігі патент немесе жеке кәсіпкер куәлігі) жылына бір рет ұсынылады	елеулі
57.	Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы (тауарды өндірушімен немесе тауарды сатып алуға жасалған шарт, жүкқұжаттар, шот-фактуралар, тауарды тасымалдау туралы құжат)	өрескел
58.	Қызмет түріне (егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса) лицензияның түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы;	өрескел
59.	тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемшарттарын айқындауға арналған құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы (тауар өндірісінде пайдаланылатын шикізат пен құрауыштардың құны, шикізатты жеткізуге арналған шарттар және/немесе есеп - шот-фактуралар және/немесе жүкқұжаттар, тауар өндірісіне сәйкес нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі қоса берілетін технологиялық операциялардың сипаттамасы бар мәлімделген тауар өндірісі үшін жабдықтардың тізбесі, өндірістік үй-жайға арналған құжаттар, қызметкерлердің тізімі, шетелде шығарылған пайдаланылған шикізат немесе құрауыштың құнын есепке ала отырып, тауардың өзіндік құнының есептемесі);	өрескел
60.	Мемлекеттік тілдегі мәлімделген өнімдер атауының тізбесінің болуы	болмашы
61.	Қойманың мекенжайын көрсете отырып, қоймада тауардың болуы және оның саны туралы қоймалық анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы	елеулі
62.	Өтініш берушінің мүддесін білдіруге арналған сенімхаттың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы	елеулі
63.	Жеміс-көкөніс өнімдері үшін : Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық бірлігінің жергілікті атқарушы органының мәлімделген өнім партиясының көрсетілген аумақта өсірілгені туралы растау-анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы, өнімді өндірушімен жасалған шарт, тауарды өндірушімен жасалған шарттың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін міндетті түрде ұсына отырып, тауарды сатып алуға арналған шарт;	өрескел
64.	Тауардың шығу тегі туралы сертификатты қорғалған дәрежесі бар, бланкілерде ресімдеу : біріншісі түпнұсқа, екіншісі мен үшіншісі орындалған көшірмелері	елеулі

65.	Тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттарды тіркеу журналында өтініш берушінің қолының болуы;	болмашы
66.	Өндірушілер тауардың шығы тегін айқындау өлшемшарттарын орындайды	өрескел
67.	"СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу туралы қорытындының болуы	елеулі
2. Метрология саласында(бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі, аталған талаптарды сақтамаған кезде белгіленеді)		
68.	Өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттың немесе өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың болуы	өрескел
69.	Түрін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау мақсатында сынақтан, сондай-ақ тексерістен өтпеген және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілмеген өлшем құралдарын айналымға шығаруға және қолдануға тыйым салуды сақтау	өрескел
70.	Өлшем құралдарының бекітілген түрін және метрологиялық аттестаттаудан өтпеген өлшем құралдарын өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізу бойынша талаптарды сақтау	өрескел
71.	Тексеру туралы сертификаттың және (немесе) өлшем құралында салыстырып тексеру баспа-таңбасының (және) немесе пайдалану құжатының болуы	өрескел
72.	Өлшемді орындау әдістемелерінің метрологиялық аттестаттауының болуы және олардың өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелуі бойынша талаптарды сақтау	өрескел
73.	Сатып алу операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын тауарлар санының осы тауарлардың санын сипаттайтын, салмағына, көлеміне, шығынына немесе басқа шамасына сәйкестігі	өрескел
74.	Кез келген түрдегі бумалардағы бөлшектеп өлшенген тауар санының бумады белгіленген шамаға сәйкестігі	елеулі
3. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына(бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі, аталған талаптарды сақтамаған кезде белгіленеді)		
75.	Аккредиттеу кезеңдерін және оларды орындау мерзімдерін, сондай-ақ инспекциялық тексеру жүргізу, соның ішінде аккредиттеу бойынша жұмыс жүргізу кезінде кезектен тыс мерзімдерді (өтінімдер мен ұсынылған құжаттарды, аккредиттеу алдындағы шарттың қорытындысын, ұсынылған құжаттардың сараптамасын, өтініш берушінің тұрған жеріндегі тексеруін, аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауын, аккредиттеуден кейінгі шарттың қорытындысын, аккредиттеу салсында бекітуді, аккредиттеу туралы аттестатты беруді немесе аккредиттеу алдындағы шартты бұзуды қабылдау, қарау) қоса алғанда белгіленген тәртіпті сақтай отырып, аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу	өрескел
76.	Тізілімде аккредиттеу субъектісінің атауының, ұйымдық-құқықтық нысанының, орналасқан жерінің; аккредиттеу субъектісінің оған сәйкестігі аккредиттелген нормативтік құжатының; аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірінің; аккредиттеу аттестатының аккредиттеу субъектілерінің тізілімінде тіркелген күнінің; аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімінің болуы	елеулі
77.	Тізілімде аккредиттеу саласына кіретін сәйкестікті бағалау объектілерінің болуы;	елеулі
78.	Тізілімде аккредиттеу субъектісі басшысының тегінің, атының, әкесінің атының (ол бар болған жағдайда) болуы;	болмашы
79.	Тізілімде аккредиттеу аттестатының қайта ресімделген күні мен оның негізінің болуы;	өрескел
80.	Тізілімде аккредиттеу материалдарын жаңарту күнінің, негізінің және жаңартылған аккредиттеу материалдары туралы ақпараттының болуы;	өрескел
81.	Тізілімде инспекциялық тексерулер жүргізілген күннің және нәтижелерінің болуы;	өрескел

82.	Тізілімде аккредиттеу аттестатын аккредиттеу жөніндегі органның кері қайтарып алған және қайтарған күні мен негіздемесінің болуы;	өрескел
83.	Тізілімде аккредиттеу аттестатының қолданысы тоқтатылған күні мен негіздемесінің болуы;	елеулі
84.	Тізілімде аккредиттеу аттестатының жойылған күнінің болуы;	елеулі
85.	Тізілімде аккредиттеу аттестатының телнұсқасын беру туралы белгінінің болуы.	болмашы
86.	Тізілімде аккредиттеу аттестатынан айыру күні мен негіздемесінің болуы;	өрескел
87.	Интернет-ресурсты жүргізу, (онда аккредиттеу субъектілерінің тізілімін ресми жариялау және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орналастыру);	елеулі
88.	Аккредиттеу субъектілерінің шағымдарын қарау және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыру;	елеулі
89.	Аккредиттеу аттестаты кері қайтарып алынған немесе аккредиттеуден кейінгі шарт тоқтатылған жағдайда уәкілетті органға хабарлау туралы талаптар мен мерзімдерді сақтау;	өрескел
90.	Қайта аккредиттеуге өтініш беруші берген аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей өтінімінің болуы;	елеулі
91.	өтініш берушінің заңды мәртебесін анықтайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің; мәлімделетін аккредиттеу саласының қағаздағы және электрондық жеткізгіштерінің; сапа жөніндегі нұсқаулықтың; сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған паспортының; сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтердің болуы (сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін).	елеулі
92.	Егер өтінім және (немесе) оған қоса берілген құжаттар белгіленген нысанға сәйкес келмеген не толық көлемде ұсынылмаған жағдайда аккредиттеу жөніндегі орган құжаттарды қайтарудың себептерін көрсете отырып, олардың түскен күнінен бастап есептелетін бес жұмыс күні ішінде почта арқылы өтініш берушіге қайтарады не оның өкіліне қолын қойғызып, қолма-қол табыс ету талаптарын сақтау.	елеулі
93.	Жаңарту кезінде аккредиттеу субъектісі аккредиттеу жөніндегі органға жаңартудың себептерін негіздей отырып өтінімінің және өзгерістер енгізілген құжаттардың екі данасын ұсынудың талаптарын сақтау.	өрескел
94.	аккредиттеу субъектісін қайта ұйымдастыру түрінде негіздер болмаған кезде материалдарды жаңартудың, аккредиттеу субъектісінің орналасқан жерінің өзгеруінің, аккредиттеу субъектісі атауының өзгеруінің, аккредиттеу саласының кенеюі немесе қысқаруы туралы аккредиттеу субъектісінің өтінішінің талаптарын сақтау.	өрескел
95.	Аккредиттеу субъектісінің құжаттарында көрсетілген нормативтік құжатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) жаңа нормативтік құжатты қолданысқа енгізу талаптарын сақтау	өрескел
96.	Сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын мамандар құрамын өзгерту талаптарын сақтау	елеулі
97.	Өлшем құралдары мен сынақ жабдығын ауыстыру талаптарын сақтау	өрескел
98.	Аккредиттеу жөніндегі орган құжаттар түскен кезден бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды қарау талаптарын сақтау	елеулі
99.	Оң шешім шығарылған жағдайда және аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу үшін негіздер болмаған кезде талаптарды сақтау, аккредиттеу жөніндегі орган енгізілген өзгерістерді назарға алады, қажет болған жағдайда аккредиттеу саласын айқындайтын құжатты қайта бекітеді, бұл туралы аккредиттеу субъектісіне жазбаша почта арқылы немесе факсимильді байланыс арқылы хабарлайды және ол тиісінше өтініш беруші	елеулі

	почта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламаға белгі соққан күннен бастап немесе факсимильді хабар жіберілген күні алынған деп есептеледі.	
100	Ұсынылған құжаттарда және мәліметтерде анық емес ақпарат және (немесе) аккредиттеу саласын кеңейтуге қатысты ақпарат анықталған кезде аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу материалдарын өзекті етуден бас тарту туралы шешім қабылдау туралы талаптарды сақтау	өрескел
101	Қабылданған шешім туралы хабарламаның талаптарын сақтау, шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде почта арқылы немесе факсимильді байланыс арқылы аккредиттеу субъектісіне жіберілген және тиісінше өтініш беруші почта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламаға белгі соққан күннен бастап немесе факсимильді хабар жіберілген күні алынған деп есептеледі.	елеулі
102	Аккредиттеу субъектісінің жазбаша өтініші болған кезде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	елеулі
103	Сәйкестікті бағалау нәтижелерінің дұрыстығына әсер ететін аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкессіздіктер анықталғанда аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау	өрескел
104	Анықталған аккредиттеу критерийлеріне сәйкессіздіктер аккредиттеу жөніндегі органның белгілеген мерзімі ішінде жойылмағанда аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	өрескел
105	Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу критерийлерінің бұзылуына жол бергені туралы жеке немесе заңды тұлғаның өтінішінде не мемлекеттік органның хабарламасында көрсетілген фактілер кезектен тыс инспекциялық тексеру нәтижелері бойынша расталғанда аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	өрескел
106	Салыстырмалы сынақтардың және (немесе) өлшем құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу нәтижелерін салғастырудың анықталған теріс нәтижелері жойылмағанда аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	өрескел
107	Аккредиттеу критерийлерінің және аккредиттеуден кейінгі шарт талаптарының бұзылғаны аккредиттеу субъектілерінің қызметіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша анықталған кезде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау ;	өрескел
108	Сәйкестікті бағалау (растау) бойынша жұмыстардың нәтижелерін электрондық есепке алу жөніндегі мәліметтердің сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжат берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен деректерді ұсынбаған немесе анық емес деректер ұсынған жағдайларда аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	өрескел
109	Аккредиттеу субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің қызметі бөлігінде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	өрескел
110	Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу саласының бір бөлігін уақытша жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау;	өрескел
111	Егер аккредиттеу өлшемшарттарының анықталған сәйкессіздіктерінде әкімшілік құқық бұзу құрамының белгілері болған жағдайда талаптарды сақтау, аккредиттеу жөніндегі орган осындай сәйкессіздіктер анықталған күннен бастап есептелетін, үш жұмыс күні ішінде тиісті шараларды қабылдау үшін жиналған материалдарды уәкілетті органға жібереді.	өрескел
112	Шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламасы бар тапсырысты хатпен почта арқылы аккредиттеу субъектісіне жіберілетін және өтініш беруші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасына белгі соққан күннен бастап алынған деп есептелетін талаптарды сақтау.	елеулі

113	Аккредиттеу субъектісі аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу талаптарын сақтау	елеулі
114	Аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу аттестатын жаңарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап, бірақ аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде екі ай өткеннен кейін аккредиттеу аттестатын жаңарту бойынша талаптарды сақтау.	елеулі
115	Анықталған сәйкессіздіктердің жойылғаны туралы мәліметтерді растау қажет болған жағдайда инспекциялық тексеру жүргу талаптарын сақтау	өрескел
116	Аккредиттеу жөніндегі орган сәйкессіздіктердің жойылғаны туралы мәліметтерді аккредиттеу субъектісі ұсынған күннен бастап есептелетін он жұмыс күні ішінде, ал инспекциялық тексеру жүргізілген жағдайларда - ол аяқталған күннен бастап аккредиттеу аттестатын немесе аккредиттеу саласының бір бөлігін қайта жаңғырту туралы не қайта жаңғыртудан бас тарту туралы шешім қабылдау туралы талаптарды сақтау	елеулі
117	Егер аккредиттеу жөніндегі орган көрсетілген мерзімде өзінің шешімі туралы аккредиттеу субъектісін жазбаша хабардар етпесе, онда көрсетілген мерзім өткеннен кейін, бірақ кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде екі ай өткеннен кейін аккредиттеу аттестатын жаңарту бойынша талаптарды сақтау.	елеулі
118	аккредиттеу субъектісінің жазбаша өтініші болған немесе аккредиттеуден кейінгі шарттың тоқтатылуы кезінде аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтату туралы талаптарды сақтау	елеулі
119	Өтініш берушінің аккредиттеу аттестатын алу кезінде жалған ақпарат бергені анықталған жағдайда аккредиттеу аттестатын айыру немесе аккредиттеу аттестатын жою туралы өтінішпен сотқа жүгіну талаптарын сақтау	өрескел
120	Аккредиттеу материалдарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру бойынша талаптарды сақтау	өрескел
121	Аккредиттеу саласы шегіндегі жұмыстарды (өлшем құралдарын калибрлеу) жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
122	Аккредиттеу саласы шегіндегі аккредиттеу аттестатына сілтеме жасау жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
123	Аккредиттеу жөніндегі органға бекітілген аккредиттеу саласындағы қызметті тоқтату немесе алдағы жою туралы хабарлау жөніндегі талаптарды сақтау	елеулі
124	Аккредиттеу өлшемшарттарына анықталған сәйкес келмеушілікті аккредиттеу жөніндегі органның шешімімен белгіленген мерзімде жою жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
125	Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерінің салыстырмалы сынақтарына салғастыруларына қатысу жөніндегі талаптарды сақтау;	өрескел
126	Аккредиттеу аттестатының қолданылуы тоқтатылған жағдайда, аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтату туралы шешім алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аккредиттеу аттестатын қайтару жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
127	Аккредиттеу аттестатының қолданылуы, күшін жоюы, тоқтата тұруы немесе аккредиттеу аттестатынан айырылған жағдайда, аккредиттеуге сілтеме жасауды тоқтату жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
128	Аккредиттеу аттестатын қайтарып алған жағдайда уақытша жарамсыз деп танылған аккредиттеу аттестатына сілтеме жасауды тоқтату жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
129	Шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарынан, олар жоқ болған жағдайда басқа елдердің шама бірліктері ұлттық эталондарынан шама бірліктерінің өлшемдерін алу арқылы өлшемдердің қадағалануын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел

130	Калибрлеу зертханалары (орталықтары) сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік метрологиялық бақылауға жататын салалардағы жұмыстарды орындау кезінде әділдікті қамтамасыз етуге, қызмет нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді бағалау және қызмет саласындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін олардың қаржылық тұрақтылығы және тиісті ресурстары болу талаптарын сақтау.	елеулі
131	Өлшем құралдарын калибрлеу осы өлшем құралдарының дайындаушысы, иесі немесе пайдаланушысы айқындайтын тәртіппен шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарына бағындырылған эталондар пайдаланыла отырып калибрлеу жөніндегі талаптарды сақтау	өрескел
132	Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу аттестатының болуы	өрескел
133	Анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде аккредиттеу аттестатынан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап қабылданған шаралардың талаптарын сақтау	өрескел
134	Аккредиттеу аттестатын қайтарып алуға негіз болған сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін аккредиттеу субъектісі оларды жойғаны туралы мәліметтерді жазбаша түрде аккредиттеу аттестатын жаңарту немесе аккредиттеу саласының бір бөлігі туралы шешім қабылдау үшін аккредиттеу жөніндегі органға жіберу талаптарын сақтау	өрескел
135	Оларға өздерінің сәйкестігі аккредиттелген нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау	өрескел
136	Сәйкестікті растау жөніндегі органдар сәйкестікті растау жөніндегі қызмет нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді бағалай отырып, сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде әділдікті қамтамасыз етуге және қызмет саласындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін олардың қаржылық тұрақтылығы және тиісті ресурстары болуға тиіс.	елеулі

Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесінің бағалау өлшемшарттарына 3-қосымша

Расталған шағымдар мен өтініштер бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері берілетін субъективті өлшемшарттар

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1. Техникалық реттеу саласында		
1	Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына расталған бір шағымның немесе өтініштің болуы	өрескел
2	Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарламалардың болуы	елеулі
2. метрология саласында		
3	Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына расталған бір шағымның немесе өтініштің болуы	өрескел

4	Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарламалардың болуы	елеулі
3. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына		
5	Техникалық реттеу, метрология саласындағы және Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына расталған бір шағымның немесе өтініштің болуы	өрескел
